

**Респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 192-е өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 268 қаулысымен.**

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану үшін респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлесіп жүргізілетін зерттеулер жүргізу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау мақсатында:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда Респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

Премьер-Министр

A. Мамин

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

2021 жылғы 7 желтоқсандағы

№ 192-е өкіміне

қосымша

**Респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы**

**Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 20.04.2022 № 84-ө өкімімен.**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі департаментінің директоры, хатшы

Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика бірінші вице-министрі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция вице-министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы  
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы басшысының орынбасары  
(келісу бойынша)

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары (келісу бойынша).

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2021 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 192-е өкімімен  
бекітілген

**Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және  
әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік үйімдармен бірлескен зерттеулердің  
такырыбын қарау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже 1-тарау. Жалпы  
ережелер**

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулердің тақырыбын қарау мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлесіп жүргізілетін зерттеулердің тақырыптары жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Комиссияның жұмыс органды болып табылады.

5. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

## **2-тaraу. Комиссияның міндеттері**

6. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулер жүргізу жөніндегі тақырыптарды:

бастама жасалған зерттеулер тақырыптарының орындылығы мен негізділігі;

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының стратегиялық мақсаттарына сәйкес келуі, зерттеулердің Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының ( Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, жалпыұлттық басымдықтар, Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспарлары, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы, аумақтық даму жоспарлары, саланы/аяны дамыту тұжырымдамасы, ұлттық жобалар, мемлекеттік органдардың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары, ұлттық басқарушы холдингердің, ұлттық холдингердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарлары) нысаналы индикаторларына және/ немесе нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарлану дәрежесін бағалау;

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негұрлым маңызды ағымдағы міндеттерін шешу кезінде бастама жасалған зерттеу тақырыптарының уақытылығы мен өзектілігі;

зерттеулер тақырыптарының, мақсаттары мен міндеттерінің мемлекеттік органдардың функцияларымен қайталануын болдырмау түрғысында қарау және ұсыныстар әзірлеу;

2) респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер мен шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулер тақырыптарының тиісті жоспарлы кезеңге арналған жиынтық тізбесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Премьер-Министрінің 20.04.2022 № 84-ө өкімімен.**

### **3-тaraу. Комиссияның қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі**

7. Комиссияның қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.